

Екібастұз аймағында тұрмыстық-қатты қалдықтарды орналастыру Қағидалары туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2004 жылғы 24 ақпандағы N 3/47 шешімі. Павлодар облысы әділет департаментінде 2004 жылғы 2 сәуірде N 2376 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2009 жылғы 27 шілдедегі N 201/17 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2009 жылғы 27 шілдедегі N 201/17 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148 Заңының 6 бап 1 тармақшасы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі N 168 "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы "Тұрғындардың санитарлық-эпидемиялық жағдайын жақсарту туралы" N 361-2 Заңының негізінде қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Екібастұз аймағында тұрмыстық-қатты қалдықтарды орналастыру Қағидасы бекітілсін;
2. Осы шешім Павлодар облысы әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Сессия төрайымы Р. Елубаев

Қалалық мәслихат хатшысы Б. Шаймерденов

Екібастұз қалалық мәслихатының
2004 жылғы 24 ақпандағы
(III шақырылған IV сессия)
"Екібастұз аймағында тұрмыстық-
қатты қалдықтарды орналастыру
қағидалары туралы" N 3.47
шешімімен бекітілген

ҚАҒИДА

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар қоршаған ортаға және адам денсаулығына тигізетін зардаптардың алдын алу, төмендету, жою мақсатында тұрмыстық және өндіріс

қалдықтарымен айналысу кезінде пайда болған қатынастарды реттейді.

2. Қағидалар жүйелі жинаудың, жедел жоюдың, нақты зарарсыздандырудың және Екібастұз қаласының арнаулы нысандарында жиналған қалдықтардың орналастырылуының тәртібін қарастырады.

3. Елді мекендерді қажетті санитарлық дәрежеде қамтамасыз ету және арнаулы машиналар паркін тиімді пайдалану үшін қаладағы тұрмыстық қалдықтарды арнаулы коммуналдық мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер орталықтандырылған бірдей жүйеде жоюы керек.

4. Меншік түріне қарамастан мекемелер, кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар, жеке үй иелері немесе жалға алушылар, жеке тұлғалар қоқыстарды және қатты-тұрмыстық қалдықтарды шығару үшін уақытында арнаулы мекемелермен келісім жасауға міндетті.

5. Қалдықтарды шығару қызметі үшін келісімдер қалдықтардың жиналу мөлшеріне байланысты жасалады. Қалдықтардың жиналу мөлшері тапсырыс берушімен санитарлық тазалаушы кәсіпорынның арасындағы негізгі есеп айырушы көрсеткіштер болып табылады және тапсырыс беруші мен қоқыс тазалаушы кәсіпорынның арасында есеп айырысу үшін қолданылады.

6. Жергілікті орындаушы ұйымдар:

1) механикаландырылған жинауға жататын көшелерді, даңғылдардың, өткелдердің титулдық тізімін, сондай-ақ қысқы және жазғы мезгілдерде оларды тазалау кезегін;

2) кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің күшімен тазаланатын қала аумағының тізімін;

3) саябақтар, жағажайлар, техникалық ғимараттар мен құрылыстардың, сауда орындарының санитарлық жағдайына жауапты ұйымдарды бекітеді.

2. Негізгі түсініктер мен анықтамалар

7. Осы Қағидада келесі негізгі түсініктер қолданылады:

1) қалдықтар - өндіріс және тұтыну қалдықтары;

2) өндіріс қалдықтары - өнім, энергия және химиялық қоспалар өндіру кезінде және толығымен немесе жартылай осы өндіріске сәйкес келетін тұтынушылық қасиетін жоғалтқан шикізаттар, жартылай дайын өнімдер, химиялық қоспалар қалдықтары. өндіріс қалдықтарына сондай-ақ техногендік минералды құралдар және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қалдықтары кіреді;

3) тұтынушы қалдықтары күшін жойған немесе рухани тозығы жеткен тұтынушылық қасиетін жоғалтқан заттар мен бұйымдар. Тұтынушы қалдықтарына адам өміріне байланысты тұрмыстық қалдықтар жатады;

4) қалдықтармен айналысу - олардың пайда болуымен, жинаумен, сақтаумен,

тасымалдаумен, қолданумен, зарарсыздандырумен және қалдықтарды көмумен
б а й л а н ы с т ы ж ұ м ы с т а р ;

5) қалдықтарды пайдалану - оларды өндірісте өнім өндіру және жұмыс істеу үшін немесе энергия өндіру үшін пайдалану;

6) қалдықтарды ескі зат ретінде пайдалану - қалдықтарды өндіріске қайтару ж о л ы м е н ж а ң а ө н і м а л у ;

7) қалдықтарды орналастыру - қалдықтарды сақтау және көму;

8) қалдықтарды сақтау - қалдықтарды кейін ескі зат ретінде пайдалану, тасымалдау, зарарсыздандыру немесе көму мақсатында оларды белгілі мерзімге дейін сақтау үшін нысанда орналастыру;

9) қалдықтарды көму - осы қалдықтарды адам өміріне және қоршаған ортаға зияны тимеу үшін, оларды арнайы нысандарда орналастыру;

10) қалдықтарды зарарсыздандыру - адамға және қоршаған ортаға қауіпін кеміту үшін қарастырылған арнайы қондырғыларда зарарсыздандыру (соның ішінде өртеу).

3. Жеке және заңды тұлғалардың қалдықтармен айналысу кезіндегі құқылары мен міндеттері

8. Жеке және заңды тұлғалардың қалдықтармен айналысу кезіндегі құқылары Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңымен, басқа да заңнамалар актілерімен және осы Қағидалармен анықталған.

9 . А з а м а т т а р :

1) қалдықтардың адам өміріне және қоршаған ортаға тигізетін зияны туралы т о л ы қ м а ғ л ұ м а т а л у ғ а ;

2) қалдықтармен айналысу саласында қоғамдық бақылауды іске асыруға қ а т ы с у ғ а ;

3) қалдықтар мәселесі бойынша өкілетті ұйымдарға хаттарымен, арызымен, өтінішімен және ұсынысымен келуге және оларды қарауды талап етуге;

4) кінәлі ұйымдарды, лауазым иелерін және азаматтарды жауапқа тарту мәселелерін қоюға, сотқа тигізген зияндарының орнын толтыруға, азаматтар денсаулығына және мүлкіне келтірген зияны үшін арыз беруге;

5) заңнамалармен қарастырылған және қалдықтармен айналысу саласындағы басқа да құқықтық актілермен белгіленген өздерінің басқа да құқыларын жүзеге а с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

10. Жеке және заңды тұлғалар:

1) қатты тұрмыстық қалдықтарды және қоқыс шығару үшін арнайы кәсіпорынмен тапсырыс беруші мен санитарлық тазалау кәсіпорнының арасындағы есеп айырысу көрсеткіші болып табылатын және тапсырыс беруші

мен қоқыс шығарушы кәсіпорынның арасындағы есеп айырысу үшін қолданылатын келісім жасауға;

2) жинауды жүйелі түрде жүргізуге және ауыл аумағын маусым түріне және ауа райына байланысты, санитарлық және сәулет талаптарына сәйкес өз қаржыларынан жүргізуге;

3) қалдықтарды орналастыру үшін төлем төлеуге;

4) үй-жайлар жанындағы ірі қоқыстарды шығару үшін келісім жасауға;

5) ұсақ қоқыстар үй-жайлардан үй басқармаларының тапсырысы бойынша шығаруды жүргізуге;

6) қоқыс алаңдарын су өткізбейтін сырмен сырланған ыдыстармен қамтамасыз етуге;

7) тамақ қалдықтарын жинау үшін қолданылатын жинақтармен, инвентарьмен қамтамасыз етуге;

8) қоқыс қабылдайтын камералардың, жинақтардың әрдайым жуылуына, шыбын-шіркейге қарсы күресті қамтамасыз етуге;

9) контейнерлерден қалдықтарды төккеннен кейін, оларды уақытында жинап, ақтап, сырлап және жөндеу жүргізуге;

10) қалдықтарды контейнерлерде өртеуге жол бермеуге;

11) контейнерлерді ірі қоқыстармен және құрылыс заттарымен толтыруға жол бермеуге міндетті.

4. Қалдықтарды орналастыру және жинауды ұйымдастыру

11. Қалдықтарды жинаушы және орналастырушы арнаулы кәсіпорын:

1) ұйымдар, тұрғын үйлер, мекемелер және кәсіпорындар аумағынан қатты және сұйық қалдықтарды уақытында шығаруға (келісімге сәйкес);

2) контейнерлерді қалалық полигонда осы үшін арнайы бөлінген жерлерде жууға, зарарсыздандыру жүргізуге міндетті.

12. Қалдықтарды шығару адам өміріне және қоршаған ортаға тигізетін зияны белгіленген мөлшерден аспайтын әдістермен және амалдармен жиналуға тиіс.

13. Жоспарлы - ұдайы жүйемен ұйымдастыру және тұрмыстық қалдықтарды жою тәртібі санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің келісімі бойынша арнайы кәсіпорындармен жүргізіледі.

14. Жоспарлы - жүйелі тазалау санитарлық-эпидемиологиялық мекеме келісімімен жоюшы мекеме мен заңды немесе жеке тұлғалар арасындағы жасалған келісім кесте арқылы жүргізілуі керек.

15. Қалдықтарды реттеуші полигон әкімшілігі автокөліктің әрбір рейсін жол куәлігінде белгілеп отыруы тиіс.

16. Қалдықтарды "өзі шығару" әдісімен жою үшін талондық жүйе қолдану

к е р е к .

17. Тұрғындардың тыныштығын қамтамасыз ету үшін тамақ және тұрмыстық қалдықтарды таңертең сағат 7-де және кешке 23 сағатқа дейін шығару керек.

18. Құрылыс кезінде, жөндеу уақытында тұрғын, қоғамдық ғимараттарды, мәдени-тұрмыстық нысандарды, сондай-ақ өндіріс кәсіпорындарының әкімшілік жайларын қайта салу кезінде пайда болған қалдықтарды құрылыс ұйымдарының көлігімен (келісім бойынша) немесе "өзі шығару" әдісімен қаланың қатты-тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарады.

19. Қайта өңдеуге келмейтін өндіріс ұйымдарының қалдықтарын жергілікті басқару ұйымдарының және өкілетті ұйымдардың келісімімен осы кәсіпорынның көлігімен арнаулы құрылыстарға немесе оларды зарарсыздандыру және көму үшін полигонға шығарады.

5. Тұрмыстық-қатты қалдықтарды жинау

20. Үй-жайлар ауласы, көше және шағын аудан өткелдері, мәдени-тұрмыстық нысандар орны, әртүрлі кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар аумағы, саябақтар, көпшілік пайдаланатын демалыс орындары тазалау нысандары болып т а б ы л а д ы .

21. Үй-жайлар аумағындағы контейнерлерді орналастыру үшін көлік өте алатын арнаулы алаң болуы керек. Алаң ашық, су өтпейтін төсеніші бар және мүмкіндігінше жасыл желекпен қоршаулы болуы керек.

22. Қатты-тұрмыстық қалдықтар арнаулы қоқыс таситын көлікпен, ал сұйық қалдықтар арнаулы вакуумдық көлікпен шығарылады.

23. Аулалық жинақтарда уақытша сақтау кезінде, қалдықтардың іріп-шіруіне жол берілмейді, сондықтан жылдың суық күндерінде сақтау мерзімі 3, ал жылы күндері 1 тәуліктен аспауы керек. Әрбір елді мекендерде қатты-тұрмыстық қалдықтарды жою кезеңі қаланың санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы мемлекеттік мекемесімен келісіледі.

24. Жайлы пәтер тұрғындарының қорынан қатты-тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін біркелкі темір контейнерлер қолдану керек.

25. Контейнерлер қойылған алаңдар тұрғын үйлерден, қоғамдық ғимараттардан, спорт алаңдарынан және халықтың демалыс орындарынан 20 метрден кем, 100 метрден артық болмай алыс болуы керек. Контейнерлер саны 5-т е н а с п а у ы к е р е к .

Контейнерлер мен алаң шетінің арақашықтығы 1 метрден аспауы керек. Қалдықтарды уақытша сақтау үшін орналастыру, әсіресе тұрғын үй аумағында міндетті түрде қаланың сәулет және қала құрылысы басқармасымен санитарлық-эпидемиологиялық қызметімен келісілуі керек. Жеке тұрғын үйлерде

қоқыс жинайтын жинақтардың, аулалық әжетханалардың, қалдықтар шұңқырының орналасқан жерін жеке үй иелері өздері анықтайды.

Арақашықтығы 8-10 метрге дейін қысқартылуы мүмкін. Жанжал болған жағдайда ғимаратты пайдаланушы мекемелер, меншік пәтер иелерінің төрағасы және үй басқармалары қалдықтардың қоқыс қабылдаушы камералардан және контейнерлер алаңынан контейнерлер салынуын қамтамасыз етуі тиіс.

26. Қалдықтарға арналған темір жинақтар жазғы уақытта жуылуы қажет (ауыстырылмайтын жүйеде 10 күнде бір, ауыстырылатын жүйеде босағаннан кейін), ағаш жинақтарды зарарсыздандыру керек (босаған сайын). Зарарсыздандыруды энтологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізу.

27. Қалдықтар жинағынан, сондай-ақ қоқыс таситын көліктен шикізатты екінші зат ретінде таңдап алуға болмайды (текстиль, банклар, шөлмектер және т. б.).

28. Қалдықтар салынған ыдыстарды жиналған жерден арнаулы көлік келгенше шығаруға болмайды.

29. Ұсақ қалдықтар үйден жиналғанына қарай шығарылады, бірақ аптасына бір реттен кем болмауы керек.

30. Ірі қоқыстарды шығару үшін ғимаратты пайдаланушы мекеме, тұрғын үй бөлімдері, меншік пәтер иелері кооперативінің төрағалары және үй басқармаларымен келісім жасауға міндетті.

31. Барлық үлгідегі заңды тұлғалар қалдықтарды тасымалдауға арналған жабдықталған көліктері болған жағдайда өз күшімен ұйымдастырылған қоқыс төгетін орынға, көлікке берілген міндетті санитарлық төлқұжаты және полигонға кіретін құжаты болған жағдайда тасымалдай алады.

32. Қоқыс жинайтын кәсіпорын тұрғын үй, ұйымдар, мекемелер және кәсіпорындар аумағынан ыдысқа салынған қоқыстармен қоса қоқыс камераларынан, сондай-ақ контейнерлер алаңынан жинауды жүзеге асырады.

6. Тамақ және сұйық қалдықтарды жинау

33. Канализацияланбаған үйлердің сұйық қалдықтары арнаулы вакуумдық көлікпен тасымалданады.

34. Тамақ қалдықтарын жинау және пайдалану "Ветеринарлық-санитарлық ережелерінің тамақ қалдықтарын жинау және оны малды қоректендіруге пайдалану туралы" тәртібіне сай іске асуы керек.

35. Тамақ қалдықтарын жинау, сақтау және шығару "Екібастұз қаласы әкімінің көріктендіру басқармасы" мемлекеттік мекемесінің және санэпидемиялық қызмет ұйымының келісімі бойынша бекітілген тамақ қалдықтарын жинау және шығару бойынша нұсқаулық көрсеткіштеріне сай

36. Тамақ қалдықтарын шошқаларды қоректендіру үшін пайдаланатын шаруашылықтар, осы үшін шаруашылықтың орналасқан жері бойынша бас мал дәрігерінен арнаулы рұқсат алуға міндетті. Белгілі жердің мал өсіру шаруашылықтарында эпидемиялық жағдай өзгергенде, тамақ қалдықтарын жинауды жалғастыруға рұқсатты қаланың (аймақтың) бас мал дәрігері береді.

37. Тамақ қалдықтарын тек қана іші-сырты сырланған, қақпағы жабылатын арнаулы ыдыстарда (шелектер, бактар) жинауға рұқсат етіледі.

38. Мал өсірумен шұғылданатын кәсіпорындар мен шаруашылықтар иелері малды байлап ұстау кезінде, олардың қиын және басқа да қалдықтарының реттелуін қамтамасыз етуге және санитарлық қызметпен келісілген арнаулы жерлерге шығаруға міндетті.

7. Қағидаларды бұзғаны үшін жауапкершілік

39. Осы қағиданы бұзған заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік ұйымдардың лауазым иелері Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің N 387 бабына сәйкес жауапқа тартылады.